

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қанишалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, нысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша 2024 жылғы шілдедегі сыйақы мөлшерлемелері

(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына мониторинг жүргізу негізінде)

Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу

2024.03.07 қарай қалыптасқан деректер

2024 жылдың шілдесінде сыйақы мөлшерлемелері оған дейінгі аймен салыстырғанда өзгерді: депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы 6 банк өздерінің мерзімсіз депозиттері бойынша, ал 7 қатысушы банк жинақ депозиттері бойынша және тағы 1 банк мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелерін қайта қарады.

Банктер өздерінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақылардың қандай болатындығын, ішкі депозиттік саясатына сүйене отырып, өздері шешеді. Дегенмен банктер Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарыққа қатысушы басқа да банктердің мөлшерлемелеріне қарап, бағдар түзейтіндігі белгілі. Жалпы нарықта мөлшерлемелердің біртіндеп төмендеп жатқандығы байқалады. Бұл жерде банктер үшін нағыз бәсекелі салымға айналып жатқан қаржы құралы – жинақ салымдар. Әрбір банк осы салым бойынша барынша тартымды мөлшерлемелер ұсынуға тырысуда.

ҚДКБҚ тағы да еске салады. Әрбір салымшы банк шоты/банк салымы шартын жасасудан бұрын салымның пайыздық мөлшерлемесіне ғана емес, сонымен қатар сол салымның кепілдік мөлшеріне, банктің сенімділігі мен қаржылық ахуалының тұрақтылығына назар аударуы қажет. Бұдан басқа,

ҚДКБҚ салым шартының талаптарын мұқият зерделеуге, оның ішінде әсіресе салымды толықтырып тұруға, одан мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай ақша алуға болатын-болмайтынын біліп алуға кеңес береді.

Мерзімсіз салымдар¹

ДКБЖ-ге қатысушы 19 банктің 16-ысы мерзімсіз салымдар ашады.

Өткен маусым айының басында ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі 14,75%-дан 14,5%-ға дейін төмендеді. Нәтижесінде мерзімсіз депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері де төмендей бастады және бұл үрдіс одан әрі жалғасуда – 16 қатысушы банктің 4-і сол мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендетті:

- 3 орташа қатысушы банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 3%-дан 10%-ға дейін) 0,2-0,5 пайыздық тармақтарға (п.т.) дейін азайтты;
- 1 қатысушы банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 3%-дан төмен) тіпті 1,0 п.т.-қа төмендетіп отыр.

Ал осы кезеңде 2 банк (бірі кішігірім, екіншісі орташа) мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелерді 0,3 п.т. және 1 п.т.-қа көтерді.

Нәтижесінде шілде айында сегмент бойынша орташа мөлшерлеме өткен айдың деңгейінде сақталды – 14,2%, ал банктердің мөлшерлемелері бойынша іріктеу ауқымы² 0,1 п.т. – қысқарып, 1,3 п.т. құрады (максималды мөлшерлеме – 15,0%, минималды – 13,7%). Аталмыш іріктемеге екі кішкентай банктің мөлшерлемелері енгізілмеді. Бұл банктердің ақшалай қоры негізінен заңды тұлғалардың салымдары есебінен құралады. Сәйкесінше олар мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесін инфляция деңгейінде немесе одан төмен деңгейде ұсынады.

Таяуда 15 шілдеде ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі 14,5%-дан 14,25%-ға дейін төмендегенін ескерсек, шілде мен тамыз айларында қатысушы банктердің мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесі одан әрі қысқаруы мүмкін деп болжам жасауға болады.

¹ мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

² іріктеменің максималды және минималды элементтерінің арасындағы айырмашылық

1-графика. Банктердің мерзімсіз депозиттер бойынша ұсынатын мөлшерлемелері (2024 ж. шілдесі)



Мерзімді депозиттер³

ДКБЖ-ға қатысушы 19 банктің тек 4-і ғана (біреуі ірі, екеуі орташа және біреуі ұсақ банк) толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар ашады. Олардың мерзімі негізінен қысқаша – соңғы күнін қоса алғанда 12 айға дейін. Тек 1 (бір) банк қана мерзімі 12 айдан асатын, толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар ашады. Бірақ олардың сыйақы мөлшерлемесі инфляция деңгейінен төмен.

2024 жылдың шілдесінде 1 ұсақ қатысушы банк қана толықтыруға болатын қысқа мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін көтерді: мерзімі 3 айлық депозит бойынша 1,1 п.т.-қа және мерзімі 6 айлық депозит бойынша 1,4 п.т.-қа жоғарылады.


Сегмент бойынша ең төмен мөлшерлеме 0,7%-ды құрайды және ол мерзімі 24 айлық депозиттерге белгіленген. Ал максималды мөлшерлеме 17,0%-ды құрайды және ол мерзімі 3 айлық депозиттерге арналған.

Үстінен ақша салуға болмайтын мерзімді депозиттерді 2024 жылдың шілдесінде ешбір қатысушы банк ашпаған.

³ мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит - шарттың талаптары бойынша Әдістемде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен депозит.

Қатысушы банктер мерзімді салымдарды шектеулі сипатта ұсынғанымен бұл сегменттің өсу мүмкіндігі жоғары. Өйткені мерзімсіз салымдармен салыстырғанда мерзімді салымдардың табыстылығы қанша айтқанмен жоғары, ал жинақ салымдармен салыстырғанда анағұрлым икемді, яғни салымшылардың қажеттілігіне бейімдеу. Сондықтан салымдардың бұл түрі салымшылар мен банктердің қызығушылығын туғызары анық.

2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. шілде)



Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

19 қатысушы банктің 9-ы үстінен ақша салуға болатын жинақ салымдарды ашады. Солардың ішінде 3 банк 2024 жылдың шілдесінде сыйақы мөлшерлемесін төмендетті:

- 1 ұсақ банк осы салымның барлық мерзімі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін 0,6-дан 4,4 п.т.-қа дейінгі аумақта төмендетті. Әсіресе 24 және одан да жоғары айларға ашылатын салымдардың пайыздары айтарлықтай төмендеді (4,4 п.т. және 3,3 п.т дейін): бұрын банктің осы мерзімдерге ашылған депозиттерінің сыйақылары басқа банктердің сыйақыларынан едәуір жоғары болатын. Енді міне, алшақтық қысқарып келе жатыр.


- 1 орташа және 1 ұсақ банк мерзімі 12 айлық салымдардың мөлшерлемелерін 1,0 және 1,4 п.т.-қа төмендетті.

Қалған 6 қатысушы банк толықтыру құқығы бар жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарамаған.

Сегмент бойынша ең минималды мөлшерлеме 5,1%-ды құрайды және ол мерзімі 24 айлық депозиттерге белгіленген. Ал максималды мөлшерлеме 17,0%-ды құрайды және ол мерзімі 6 айлық депозиттерге арналған.

2024 жылдың қаңтар айынан бастап салымдардың мөлшерлемелерін реттеудің жаңа механизмі енгізілген болатын. Сол сәттен бастап банктердің мөлшерлемелері нарықтың ұқсас сегменттеріне жақындай түсті және алшақтық қысқарды – нарыққа қатысушылар бәсекелес банктердің мөлшерлемелерін қадағалап, өздерінің мөлшерлемелерін нарықтық деңгейдің мөлшерлемелеріне үйлестіре бастады

3-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. шілде)



Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

11 қатысушы банк толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер ұсынады.

Шілде айында мөлшерлемелерді 2 банк көтерді:

- 1 банк барлық мерзімдер бойынша өсімді 0,9 п.т.-дан 2,6 п.т.-қа дейінгі аумақта ұстады, осылайша қазіргі уақытта осы сегментте ең тартымды мөлшерлемелерді осы банк ұсынып тұр;

- 1 банк мерзімі 6 айлық салымдардың мөлшерлемелерін 1,0 п.т.-қа, яғни 18,0%-ға дейін жоғарылатты (бұл ретте мерзімі 3 айлық салымды ұсыныстан алып тастады, бұрын ол бойынша да 18,0% беретін) және мерзімі 24 айлық салым бойынша мөлшерлемені 0,6 п.т.-қа дейін өсірді.

3 банк керісінше мөлшерлемелерді төмендетті (2 ұсақ және 1 орташа банк):


- 1 банк – салымның барлық мерзімдері бойынша мөлшерлемелерін 0,9 п.т.-тан 3,3 п.т.-қа дейінгі аумақта азайтты;

- 2 банк – қысқа мерзімдер бойынша азайтылым 0,2 және 0,4 п.т. деңгейінде болды.

Осы сегмент бойынша ең минималды мөлшерлеме 6,4%-ды құрайды және ол мерзімі 24 айдан жоғары депозиттерге белгіленген. Ал максималды мөлшерлеме 18,4%-ды құрайды және ол мерзімі 6 айлық депозиттерге арналған. Нәтижесінде соңғы күнін қоса алғанда, мерзімі 12 айға дейін болатын толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша табыстылық нарықтың басқа сегменттеріне қарағанда едәуір жоғарылады.

Бұл сегменттің тағы басқа бір ерекшелігі сол, мұнда бір банктен басқа банктердің барлығында мерзімі 24 және одан жоғары айларға ашылған ұзақ мерзімді салымдар бойынша мейлінше тартымды мөлшерлемелер белгіленген және олар инфляциядан жоғары. Бұл салымдар бойынша толықтыру құқығының жоқтығы банктерге болашақта осы салымдарға қатысты нарықтық мөлшерлемелердің төмендеп кету қаупіне байланысты қауіп-қатерлерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

4-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. шілдесі)



Тұжырымдар

2024 жылдың шілдесінде сыйақы мөлшерлемелері айтарлықтай өзгерген жоқ. Өйткені қатысушы банктердің көпшілігі мөлшерлемелерді қайта қарамады. Тек кейбірі ғана өздерінің депозиттік саясаты аясында мөлшерлемелерді нүктелі түрде төмендетті немесе көтерді:

- мерзімсіз депозиттер бойынша – 16 банктің 4-уі мөлшерлемені төмендетті, 2 банк керісінше жоғарылатты, нәтижесінде сегмент бойынша орташа мөлшерлеме 14,2% деңгейінде сақталды;

- толықтыруға болатын мерзімді салымдар бойынша – 4 банктің 1-і мөлшерлемені өсірді, нәтижесінде сегмент бойынша орташа мөлшерлеме 3 және 6 айлық салымдар бойынша жоғарылады, қалған мерзімдер бойынша өзгеріссіз қалды;

- толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша – 9 банктің 3-і мөлшерлемелерді төмендетті, қалғандары мөлшерлемелерді қайта қараған жоқ. Нәтижесінде сегмент бойынша орташа мөлшерлеме барлық мерзімдер бойынша жоғарылады;

- толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша – 11 банктің 2-і мөлшерлемелерді өсірсе, 3 банк керісінше төмендетті. Нәтижесінде бұл сегментте орташа мөлшерлеме 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша шамалы өссе, 24 айдан жоғары мерзім бойынша төмендеді, 12 және 24 айлық мерзім бойынша бұрынғы деңгейінде сақталды.

Осылайша қатысушы банктер өздерінің депозиттік өнімдері бойынша пайыздық саясатын депозит нарығының басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерін және нарықтың жағдаятын ескеріп, салымдардың түрлері мен мерзімдері бойынша мөлшерлемелердің алшақтығын қысқарта отырып, пайыздық саясатын қалыптастырып жатыр. Бұл бәсекелік нарықтың қалыпты жағдайы. 2024 жылдың қаңтарынан бастап, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін едәуір нарықтық реттеу механизмі енгізілген сәттен бастап, мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер негізінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің соңынан ілесуде: көтерілсе-көтеріледі, түссе-түседі. Ал мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер ең алдымен банктердің жаңа клиенттерді тартуға деген қажеттілігіне қарай қалыптасады. Сондықтан да банктер қысқа мерзімді салымдарды тартымды ету үшін, олардың мөлшерлемелерін жоғары деңгейде сақтауда.

Инфляция деңгейі біртіндеп түсіп жатыр: 2024 жылдың қаңтарында 9,5% болса, маусымында 8,4% болды. Демек депозиттік өнімдер бойынша нақты табыстылық айтарлықтай тартымды деген сөз. Оған қоса кепілдіктердің бар екендігін ескеретін болсақ, депозиттер халық үшін ақша жинауда және оны молайтуда ең тартымды, ең қолжетімді және ең қарапайым қаржы құралы болып қала бермек.

ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:

- теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңге**;
- теңгедегі өзге салымдар, шоттар, карточкалар бойынша – **10 млн теңге**;
- шетел валютасындағы шоттар, карточкалар ж/е салымдар бойынша – **5 млн теңгені құрайды.**

Егер салымшы бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салым ашқан болса, банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор олар бойынша әрбір салымға

қатысты белгіленген кепілдік сомасын ескере отырып, жиынтық өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.